2019 жылдың «22»
наурыз
№ 22-05/19
«Sinooil» ЖШС
қатысушыларының
Жалпы жиналысының
хаттамасымен бекітілген

«SINOOIL»

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

ЖАРҒЫСЫ

Алматы қаласы

2019 жыл

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Sinooil» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, әрі қарай «Серіктестік» деп аталатын, акционерлік қоғамнан түрлену жолымен қалыптасқан және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес құрылған және Алматы қаласының әділет басқармасында 14 қараша 2002 жылы тіркелген, тіркеу номері 51612-1910-АҚ, мемлекеттік тіркелуі туралы куәлігі В сериялы № 0003581 «Sinooil» ашық акционерлік қоғамының құқықтық мирасқоры болып табылады.

1.2. Серіктестіктің Құрылтайшылары болып табылады:

- «СНПС – АктөбеМұнайгаз» АҚ (Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы куәлігі № 461-1904-АҚ (ИУ) 25.04.2005 жылы берілген, Ақтөбе облысының Әділет басқармасында тіркелген, СТН 060100000181, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 030006, Ақтөбе қаласы, Некрасов көшесі, 158 үй, ИИК KZ 086010121000015856 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, Ақтөбе облыстық филиалы, Ақтөбе қаласы, БИК HSBK KZKX);
- «ПЕТРОЧАЙНА Интернэшнл Казахстан» ЖШС (ҚР ӘМ Алматы қалалық Әділет департаментінде № 46954-1910-ЖШС (ИУ) 16.03.2004 жылы тіркелген, СТН 600900501746, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қаласы, Муратбаев көшесі, 147 үй, ИИК KZ 0883201T0200366018 "Ситибанк Қазақстан" АҚ, БИК CITI KZKA);
- «Brent Invest» (Брент Инвест) ЖШС (Алматы қаласының Медеу аудандық Әділет басқармасында 25.02.2013 ж. берілген № 2498-1910-06-ТОО (ШҚ) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама, БСН 130240029020, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 77/7 үй, «Esentai Tower» КФК, 9-қабат, (ИИК KZ 036010131000173522 "Қазақстан халық банкі" АҚ, БИК HSBK KZKX).

1.3. Серіктестіктің толық атауы:

- Қазақ тілінде: «Sinooil» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- Орыс тілінде: Товарищество с ограниченной ответственностью «Sinooil»;

1.4. Серіктестіктің қысқартылған атауы:

- Қазақ тілінде: «Sinooil» ЖШС;
- Орыс тілінде: ТОО «Sinooil».

1.5. Серіктестіктің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Муратбаев көшесі, 147 үй.

1.6. Серіктестіктің қызметі жөнінде мәліметтерді жариялайтын бұқаралық ақпарат құралы болып «Юридическая газета» табылады.

2. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЗАҢИ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансы бар, банкілік шоттары, соның ішінде валюталық, бар, өз атауы көрсетілген мөрі бар, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтарды иелене және жүзеге асыра алады, соттарда, соның ішінде, аралық соттарда талапкер және жауапкер бола алады.

2.2. Серіктестік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының 22 сәуір 1998 жылғы № 220-1 «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңына (әрі қарай – Заң) инвестициялар туралы заңнамаларға және өзге де Қазақстан Республикасының нормативтік актілеріне сәйкес, сондай ақ осы Жарғының және құрылтай шартының ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.

2.3. Серіктестіктің қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

2.4. Серіктестік үлгілері заңмен бекітілген тәртіпте бекітілетін және тіркелетін өз символикасын, өз өніміне тауар белгісін иелене алады.

2.5. Серіктестіктің қызмет ету мерзімі шектелмеген.

2.6. Серіктестік кәсіпкерлік қызметпен айналысатын, қызметкерлерінің орташа жылдық саны 250 адамнан астам және активтерінің жалпы құны бір жыл ішінде үш жүз жиырма бес мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын ірі бизнес субъектісі болып табылады.

3. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Серіктестіктің құрылу және қызметінің негізгі мақсаты Қатысушылар және еңбек ұжымының мүдделерінде таза табысты алу болып табылады.

3.2. Серіктестіктің қызметінің негізгі пәні болып табылады:

- инвестициялық қызмет;
- жылжитын және жылжымайтын мүлікпен операциялар;

- сыртқы экономикалық қызмет, сауда-коммерциялық және экспорттық-импорттық операциялар;
- инжинирингтік және сервистік қызметтерді көрсету;
- кеңестік қызметтер көрсету;
- ғылыми-зерттеушілік және жобалау-іздестіру жұмыстарын жүргізу;
- кадрлардың оқытылуына, қайта дайындалуына және біліктілігін көтеруге бағытталған бағдарламаларды қолдау және қатысу;
- жарнамалық-баспалық қызмет;
- Қазақстан Республикасының аумағында және оның шекарасынан тыс мұнайда сатып алу және өңдеу, мұнай және мұнай өнімдерін, көмірсутектерін және оларды өңдеу өнімдеріндайындау, сақтау, маркетинг және саудасы, импорт және экспортын қоса алғанда, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, табиғи монополия саласын қоспағанда;
- мұнай өнімдерімен көтерме және бөлшек сауда;
- мұнай базалары қызметін көрсету;
- авто май құю бекеттері, қонақүйлер, дүкендер, сауда үйлері, бар, кафе, мейрамхана, басқа тұрмыстық қызмет көрсету және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары жүйесін ұйымдастыру;
- сауда-сатып алу қызметі;
- жанар-жағар май материалдарының сынау зертханаларының сертификаттық сынақтарын жүргізу.
- Серіктестіктің қарауы бойынша, ҚР қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған, басқа да шаруашылық қызмет түрлерін жүзеге асыру.

3.3. Оны асыру үшін уәкілетті органдардың лицензиясын талап ететін қызмет Серіктестікпен осындай лицензияны алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

4. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Серіктестік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларымен қарастырылған барлық құқықтар мен міндеттерді көтереді.

4.2. Серіктестік өз Қатысушыларының мүлкінен оқшауланған мүлікке ие және Қатысушылардың міндеттемелері бойынша жауАп бермейді. Серіктестік өзіне барлық тиесілі мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап береді.

4.3. Серіктестіктің құқығы бар:

4.3.1. Өз атынан мәмлелер (шарттар, келісім-шарттар) бекітуге, тендерлерге, коммерциялық конкурстарға қатысуға, кепілдер беруге және алуға, сондай ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де мәмлелерді және заңи әрекеттерді бекітуге.

4.3.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес патенттерді, авторлық құқықтарды, қорғау құжаттарын «ноу-хау», технологиялар, техникалық ақпараттарды иеленуге және пайдалануға құқықтарды иеленуге және беруге.

4.3.3. Қазақстан Республикасының аумағында және шет елде барлық меншік нысанды заңды тұлғалармен бірлестіктерге енуге, Қазақстан Республикасының заңнамаларымен анықталған негіздерде Қазақстан Республикасының аумағында және шет елде басқа заңды тұлғалардың құрылтайшысы, қатысушысы болуға.

4.3.4. Шет елде шаруашылық қызметті жүргізуге, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының және шет елдердің аумағында біріккен кәсіпорындар, халықаралық бірлестіктер мен шет елдік заңды және жеке тұлғалардың қатысуымен ұйымдарды құруға және қызметіне қатысуға.

4.3.5. Қазақстан Республикасының аумағында және шет елде филиалдар мен өкілдіктер ашуға, оларды өз мүлкі есебінен негізгі және айналымдағы қаражаттарымен иелендіруге және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес олардың қызмет ету тәртібін анықтауға құқылы.

4.3.6. Серіктестіктің Қазақстан Республикасының аумағында және шет елде теңгеде, сондай ақ шет елдік валютада займдар ұсынуға және алуға құқығы бар.

4.4. Серіктестік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыра алады.

4.5. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңдарында, Жарлықта, серіктестіктер арасында жасалған келісімде көрсетілген міндеттерді орындауға міндетті.

5. СЕРІКТЕСТІКТІҢ МҮЛКІ

5.1. Серіктестік мүлкінің қалыптасуының көздері болып табылады:
- Оның құрылтайшыларының (қатысушыларының) салымдары;
- Серіктестіктің қызметінен алынған табыстар;
- Заңнамамен тыйым салынбаға өзге де көздер.

5.2. Серіктестіктің мүлкін негізгі қорлар мен айналымдағы қаражатар, сондай ақ Серіктестіктің дербес

балансында құны айқындалатын өзге де мүлік құрайды.

5.3. Филиалдарға бекітілген мүлік Серіктестіктің балансында болып табылады.

5.4. Мүлік Серіктестікке меншік құқығында тиесілі болып табылады.

5.5. Қатысушылардың жалпы жиналысы Серіктестіктіңмүлкіне қосымша жарналарды енгізу туралы шешім қабылдауы мүмкін. Шешім Серіктестіктің барлық қатысушыларының дауыстарының үштен төрт көпшілігімен қабылданады. Мұндай шешім үшін дауыс бермеген қатысушылар (соның ішінде, жиналысқа қатыспағандар, дауыс беруге қатыспаған немесе қалыс қалғандар) қосымша жарналарды енгізу үшін дауыс берген қатысушылардан олардың үлестерін сатып алуды талап етуге құқылы. Қосымша жарналар үшін дауыс берген қатысушылар Заңмен анықталған тәртіпте анықталған баға бойынша Серіктестіктің жарғылық қорындағы өз үлестеріне пропорционалды осы үлестерді сатып алады.

Қосымша жарналар олардың үлестерін сатып алу туралы талапты жариялаған қатысушылармен есептесулер аяқталғаннна соң ғана енгізіледі.

5.6. Қатысушылардың Серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналарын енгізу тәртібі мен мерзімдері, сондай ақ оларды енгізу мерзімін кешіктіргені үшін жауаптылық Заңмен анықталады.

5.7. Серіктестіктің мүлкіне қатысушыладың қосымша жарналары оның жарғылық қорының және Қатысушылардың үлестерінің көлемін өзгертпейді.

5.8. Серіктестіктің Қатысушылары арасында Серіктестікпен жыл ішіндегі оның қызметінің нәтижелері бойынша алынған таза табысты бөлу сәйкес жыл үшін Серіктестіктіңқызметінің нәтижелерін бекітуге арналған Серіктестіктің қатысушыларының кезекті Жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жүргізіледі.

Жалпы жиналыс сондай ақ таза табысты немесе оның бір бөлігін Серіктестіктің қатысушылары арасында таратудан шығару туралы шешім қабылдауға құқылы.

5.9. Серіктестіктің Жалпы жиналысымен қатысушылар арасында таза табысты бөлу туралы шешім қабылдаған жағдайда әрбір Қатысушы Серіктестіктің жарғылық қорындағы оның үлесіне сәйкес келетін бөлінетін табыстың бір бөлігін алуға құқығы бар. Төлем Серіктестікпен ақшалай нысанда Жалпы жиналыспен тазша табысты бөлу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде жүргізілуі керек.

5.10.Жауапкершілігі шектеулі серіктестік Серіктестіктіңжарғылық қорының толық төленгеніне дейін қатысушылар арасында табысты бөлуге құқығы жоқ.

6. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Серіктестіктің Қатысушылары құқылы:

- Заңмен және осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте Серіктестіктің істерімен басқаруға қатысуға;
- Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты алуға және оның бухгалтерлік және өзге де құжаттарымен осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте танысуға;
- Заңға, Серіктестіктің Құрылтай құжаттары және оның Жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес Серіктестіктің қызметінен табыс алуға;
- Серіктестік таратылған жағдайда несие берушілермен есеп айырысқаннан қалған мүліктің бір бөлігін, немесе осы мүліктің бір бөлігін Серіктестіктің барлық Қатысушыларының келісімі бойынша заттай алуға;
- Заңмен қарастырылған тәртіпте өз үлесін шеттету жолымен Серіктестікке қатысуын тоқтатуға;

6.2. Жауапкершілігі шектеулі Серіктестік Қатысушыларының Заңмен және құрылтай құжаттарымен қарастырылған басқа да құқықтары болуы мүмкін.

6.3. Серіктестік Қатысушылары міндетті:

1) Құрылтай шартының талаптарын орындауға;

2) Серіктестік Жарғылық қорына құрылтай құжаттарымен қарастырылған тәртіпте, мерзімдерде және көлемдерде салымдарын енгізуге;

3) Серіктестікпен коммерциялық құпия болып жарияланған деректерді жариялауға.

6.4. Серіктестік Қатысушылары Серіктестіктің құрылтай құжаттарымен және Заңмен қарастырылған өзге де міндеттерді көтеруі мүмкін.

7. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚОРЫ

7.1. Серіктестіктің Жарғылық қоры Қатысушылардың салымдарын біріктіру жолымен қалыптасады және 1 200 000 000 (бір миллиард екі жүз миллион) теңгені құрайды.

7.2. Серіктестіктің Жарғылық қорына салым ретінде ақша, бағалы қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, соның ішінде жер пайдалану құқығы және интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне құқық және басқа да мүлік болуы мүмкін.

Жеке мүліктік емес және өзге де материалдық емес құндылықтар түрінде салымды енгізуге жол берілмейді.

7.3. Жарғылық қорға Қатысушылардың заттай нысанда немесе мүліктік құқықтар түріндегі салымдары Серіктестіктің Қатысушыларының Жалпы жиналысының шешімі бойынша ақшалай нысанда бағаланады. Егер де мұндай салымның құны айлық есеп көрсеткіштің жиырма мың көлеміне тең сомадан асатын болса оны бағалау тәуелсіз сарапшымен расталуы керек.

7.4. Қатысушылармен Серіктестіктің Жарғылық қорына салымдарын енгізу тәртібі мен мерзімдері құрылтай шартының ережелерімен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен анықталады.

7.5. Серіктестік Заңмен және осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте келесі жолдармен жарғылық қорды арттыра алады:

1) Барлық Қатысушылармен қосымша пропорционалды салымдар салу жолымен;
2) Серіктестіктің дербес капиталы есебінен, соның ішінде оның резервтік қоры есебінен жарғылық қор көлемін арттыру;
3) Бір немесе бірнеше Қатысушылармен бұған басқа Қатысушылардың келісімдері болған жағдайда қосымша салымдарды енгізу жолымен;
4) Серіктестік құрамына жаңа қатысушыларды қабылдау жолымен.

Жарғылық қорды арттыру туралы шешім Серіктестік қатысушыларының Жалпы жиналысымен Заңда және осы Жарғыда көзделген тәртіп бойынша қабылданады.

7.6. осы Жарғының 7.5. тармағының 1 және 2 тармақшаларымен қарастырылған тәртіпте жарғылық қор көлемін арттыру барысында Қатысушылардың үлестері көлемдері өзгермейді.

Жарғылық қорды Серіктестіктің Қатысушыларының бірімен немесе жаңадан қабылданған қатысушымен қосымша жарна енгізу жолымен арттыру барысында (осы Жарғының 7.5. тармағының 3 және 4 тармақшалары) мұндай салымның көлемі Серіктестіктің дербес капиталына алдыңғы жарнасының көлемін есепке ала отырып және жарғылық қордағы барлық қатысушылардың үлестерін қайта есептеу жолымен анықталады.

7.7. Серіктестік оны мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органды жарғылық қордың арттырылуы туралы Жалпы жиналыспен жарғылық қордың арттырылуы туралы шешім қалданған күннен бастап үш айдың ішінде хабарландыруы тиіс. Хабарландыру сәтіне жарғылық қор арттырылатын соманың жартысынан кем емес сомаға салымдар енгізілуі керек.

Егер Серіктестіконы мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органды хабарландырмайтын болса, жарғылық қорды арттыру болмаған болып саналады.

7.8. Серіктестік жарғылық қор көлемін азайта алады. Жарғылық қорды азайту туралы шешім Серіктестік қатысушыларының Жалпы жиналысымен Заңда және осы Жарғыда көзделген тәртіп бойынша қабылданады.

7.9. Серіктестіктің Жарғылық қорын азайту Заңда қарастырылған тәртіпте жүргізіледі.

7.10.Жарғылық қордағы барлық Қатысушылардың үлестері және сәйкесінше Серіктестік мүлкі құнындағы олардың үлестері (мүліктегі үлес) Серіктестіктің жарғылық қорындағы олардың салымдарына пропорционалды болып табылады.

7.11.Үлес көлемі Заңның және осы Жарғының ережелерімен қарастырылған тәртіпте анықталады. Әлдебір Қатысушының Жарғылық қорға салымының қандай да бір өзгеруі (арттырылуы және азаюы) барлық Қатысушылардың үлестерінің көлемін сәйкесінше қайта емсептеуге алып келеді.

7.12.Серіктестік Қатысушысы Серіктестіктің мүлкіндегі өз үлесін немесе оның бір бөлігін осы Серіктестіктің бір немесе бернеше Қатысушыларына сатуға немесе басқадай жолмен беруге құқығы бар. Сондай ақ, Серіктестіктің Қатысушысы өз үлесін Серіктестіктің басқа қатысушысы алдында өз міндеттемесін қамтамасыз ету ретінде кепілге қоя алады. Мұндай мәмлелерді жасауға Серіктестіктің немесе басқа Қатысушыларының келісімі талап етілмейді.

7.13.Серіктестіктің Қатысушысымен өз үлесін (оның бір бөлігін) үшінші тұлғаларға шеттету немесе Қатысушының үшінші тұлға алдында міндеттемесін қамтамасыз ету ретінде үлес (үлес бөлігінің) кепілі тек Серіктестіктің қатысушыларының Жалпы жиналысының бірауыздан шешім қабылдауы жолымен Серіктестіктің басқа Қатысушыларының келісімімен ғана жол беріледі.

7.14.Серіктестіктің Қатысушылары Қатысушының үлесін немесе оның бір бөлігін Заңмен қарастырылған тәртіпте Қатысушыларының бірімен оны сату барысында үшінші тұлғалар алдында артықшылықпен пайдаланады.

7.15.Серіктестіктің Қатысушысымен өз үлесін (оның бір бөлігін) үшінші тұлғаларға шеттету немесе үшінші тұлға алдында міндеттемесін қамтамасыз ету ретінде үлес (үлес бөлігінің) кепілі тәртібі Заңмен анықталады.

7.16.Серіктестіктің Қатысушысымен Серіктестікке зин келтірлген жағдайда олар зиян келтірушіден зиянның орнын толтыруды талап етуге құқығы бар. Елеулі зиян келтірілген жағдайда Серіктестік зиянның орнын толтыру мен зияня келтіруші кінәлі Қатысушының үлесін Серіктестікпен мәжбүрлі түрде сатып алу туралы мәселе қоюмен бірге, сондай ақ оның Серіктестік қатысушыларының санынан шығуын талап етуге құқығы бар.

7.17.Мәжбүрлі түрде үлесін сатып алу сот тәртібінде жүргізіледі.

8. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ОРГАНДАРЫ

8.1. Серіктестік органдары болып табылады:
- Жоғары органы – Қатысушылардың жалпы жиналысы;
- Бақылау органы – Бақылау кеңесі;
- Жеке дара атқарушы орган – Бас директор;

8.2. Қатысушылардың Жалпы жиналысының шешімімен Тексеру комиссиясын құру қарастырылуы мүмкін.

9. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

9.1. Қатысушылардың жалпы жиналысының айрықша құзіретіне келесі сұрақтар жатады:

1) Серіктестіктің жарғысын өзгерту, оның жарғылық қорының көлемін, орналасқан жерін, фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда, немесе Серіктестіктің жарғысын жаңа редакцияда бекіту;
2) Серіктестіктің атқарушы органын қалыптастыру және оның уәкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақыларының көлемін, еңбекке ақы төлеу шарттарын және сыйақы төлеу шарттары анықтау;
3) Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімді басқаруға беру туралы шешім қабылдау және мұндай берудің шарттарын анықтау;
4) Бақылау кеңесінің мүшелерін сайлау және оның уәкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;
5) Серіктестіктің Тексеру комиссиясын құру туралы шешім қабылдау, Тексеру комиссиясының сандық құрамын, Тексеру комиссиясының уәкілеттілік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және уәкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, Тексеру комиссиясының мүшелеріне сыйақы төлеу көлемдері мен шарттарын анықтау, сондай ақ СеріктестіктіңТексеру комиссиясының (ревизорының) есептері мен қорытындыларын бекіту;
6) Жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
7) Таза табысты бөлу;
8) Серіктестіктіңбасқа шаруашылық серіктестіктерге, сондай ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім қабылдау;
9) Мұнай өнімдерін алу немесе беруге байланысты мәмілелерді қоспағанда, нәтижесінде Серіктестіктің құны 12 000 000 000 (он екі миллиард) теңгеден жоғары соманы құрайтын мүлікті алатын немесе беретін мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасау туралы шешім қабылдау;
10) Мұнай өнімдерін алу немесе беруге байланысты мәмілелерден туындайтын міндеттемелерді қоспағанда Серіктестіктің міндеттемелерін 12 000 000 000 (он екі миллиард) теңгеден жоғары сома көлемінде ұлғайту туралы шешім қабылдау;
11) Нәтижесінде Серіктестік құны 12 000 000 000 (он екі миллиард) теңгеден жоғары соманы құрайтын мұнай өнімдерін алатын немесе беретін мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасау туралы шешім қабылдау;
12) Серіктестіктің мұнай өнімдерін алу немесе беруге байланысты мәмілелерден туындайтын міндеттемелерін 12 000 000 000 (он екі миллиард) теңгеден жоғары сома көлемінде ұлғайту туралы шешім қабылдау
13) Серіктестіктің қайта құрылуы немесе таратылуы туралы шешім қабылдау;
14) Тарату комиссиясын тағайындау және тарату балансын бекіту;
15) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Серіктестік қатысушысынан үлестің мәжбүрлі түрде сатып алу туралы шешім қабылдау;
16) Серіктестіктің барлық мүлкін кепілге беру туралы шешім қабылдау;
17) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналарды енгізу туралы шешім қабылдау.

9.2. Серіктестіктің Қатысушыларының жалпы жиналысы Серіктестіктің жарғысында оның уәкілеттігі қалай анықталғанына қарамастан Серіктестіктіңқызметімен байланысыт кез келген мәселені қарауға қабылдауға құқығы бар.

Жалпы жиналыс оның айрықша құзіретіне жатпайтын, Бас директоры немесе Бақылау кеңесі құдіреттерін делегирлеуге құқығы бар.

9.3. Осы Жарғының 9.1. тармағының 1), 13), 15) және 16) тармақшаларында көрсетілгендерді қоспағанда барлық мәселелер бойынша шешімдер Қатысушылармен (олардың өкілдерімен) Серіктестіктің қатысушыларының жиналысына қатысып отырғандар мен өкіл болып отырғандардың жай көпшілігімен қабылданады.

Осы Жарғының 9.1. тармағының 1), 13), 15) және 16) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер Қатысушылармен (олардың өкілдерімен) Серіктестіктің Қатысушыларының жиналысында қатысып отырғандар мен өкіл болып отырғандардың үштен төрт дауыстарының мамандығымен көпшілігімен қабылданады.

Осы Жарғының 9.1. тармағының 15 тармақшасы бойынша шешім қабылдау барысында мәжбүрлі түрде үлесі сатылып алынатын қатысушы дауыс беруге қатыспайды және оған тиесілі дауыстар саны есептелмейді.

9.4. Серіктестіктің Қатысушыларының жалпы жиналысы кезекті және кезектен тыс Қатысушылардың жалпы жиналысы ретінде шақырылады.

9.5. Кезекті Серіктестіктің жалпы жиналысы есептік қаржылық жыл аяқталғаннан кейін үш

кешіктірілмей Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігін бекіту үшін Бас директорымен шақырылады.

9.6. Кезектен тыс (төтенше) Серіктестік Қатысушыларының жалпы жиналысы Заңмен, осы Жарғымен, сондай ақ мұндай жиналысты шақыруды Серіктестіктің мүдделері талап ететін кез келген жағдайларда шақырылады.

9.7. Серіктестік Қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы Бас директорымен:

- өз бастамасы бойынша;
- Бақылау кеңесінің талабы бойынша;
- Серіктестіктің Тексеру комиссиясының талабы бойынша (құрылған жағдайда);
- Жиынтығында жалпы дауыс санынан оннан бірінен артық дауысқа ие Серіктестіктің Қатысушыларының бастамасы бойынша шақырылады.

Егер, Бақылау кеңесінің, Тексеру комиссиясының немесе Бас директорының талабына қарамастан, Басқарма кезектен тыс Қатысушылардың жалпы жиналысын шақырмаса, ол Бақылау кеңесімен, Тексеру комиссиясымен немесе жиынтығында жалпы дауыс санынан оннан бірінен артық дауысқа ие Серіктестіктің Қатысушыларымен дербес шақырылады.

Таратылу процесінде болып табылатын Серіктестік Қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы сондай ақ тарату космиссиясымен (тьаратушымен) шақырыла алады.

9.10. Серіктестік Қатысушыларының жалпы жиналысын шақыратын орган немесе тұлға (тұлғалар) Жалпы жиналыстың ашылуына дейін он бес күннен кешіктірмей оның жүргізілуі туралы Серіктестіктің әрбір қатысушысын Бас директорымен жүргізілетін қатысушылар реестрінде көрсетілген мекен жай бойынша жазбаша хабарландыруы тиіс.

Хабарландыруда жиналыстың өткізілу уақыты мен орны, сондай ақ ұсынылатын күн тәртібі көрсетілуі керек.

Серіктестік қатысушыларды қосымша бұқарат ақпарат құралдары арқылы хабарландыруы мүмкін.

9.11. Серіктестіктің кез келген қатысушысы Жалпы жиналыстың күн тәртібі бойынша өз ұсыныстарын оның ашылуына дейін он күннен кешіктірмей енгізуге құқылы. Осы мерзім ішінде Жиынтығында жалпы дауыс санынан жиырмадан бірінен артық дауысқа ие Серіктестік Қатысушылары олармен анықталған мәселелерді Жалпы жиналыстың күн тәртібіне енгізуді талап етуге құқығы бар. Бұл талапты орындау жалпы жиналысты шақырушы орган немесе тұлғалар үшін міндетті.

Егер Серіктестіктің Қатысушылары ұсынысы немесе талабы бойынша Жалпы жиналыстың бастапқы күн тәртібіне өзгерістер енгізілсе, жалпы жиналысты шақырушы орган немесе тұлғалар жиналыстың ашылуына ждейін жеті күннен кешіктірмей осы Жарғының 9.10. тармағында көрсетілген тәсілмен осы өзгерістер туралы Серіктестіктің әрбір Қатысушыларын хабарландыруы керек.

9.12. Серіктестік Қатысушыларының жалпы жиналысын шақырушы орган немесе тұлға (тұлғалар) келіп түскен ұсыныстыкарауға және Серіктестік Қатысушыларының жалпы жиналысының күн тәртібіне оларды енгізу немесе енгізуден бас тарту туралы жалпы жиналыстың ашылуына дейін он күннен кешіктірмей шешім қабылдауы тиіс. Серіктестік Қатысушыларының жалпы жиналысын шақырушы орган немесе тұлға (тұлғалар) ұсыныстар қабылданған жағдайда күн тәртібіне өзгерістер енгізілгендігі жөнінде Серіктестік Қатысушыларына хабарлауы қажет. Жалпы жиналыстың күн тәртібіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстан бас тартылған жағдайда өтініш берушіге Серіктестік Қатысушыларының жалпы жиналысының ашылуына дейін жеті күннен кешіктірілмей себепті жауап берілуі керек.

Егер де Жалпы жиналыстың күн тәртібіне ұсыныстар енгізуден бас тарту және ол бойынша қабылданған шешім өтініш берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын болса, ол мұндай шешімді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте шағымдауға құқығы бар.

9.13. Серіктестік Қатысушыларының жалпы жиналысын шақырушы орган немесе тұлға (тұлғалар) жиналыстың ашылуына дейін жеті күннен кешіктірмей жіберілген Серіктестіктің Қатысушысының талабы бойынша оған жазбаша түрде жиналыстың ашылуына дейін үш күннен кешіктірмей күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша шешімдер жобаларын, талқылау күн тәтібіне енгізілген құжаттардың көшірмелерін, сондай ақ осы жарғымен немесе Серіктестіктіңішкі қызметін реттейтін құжаттармен қарастырылған басқа да деректерді жіберуі керек. Аталған құжаттар мен деректер, сондай ақ қаржылық есептілік пен ол бойынша Тексеру комиссиясының және (немесе) аудитордың қорытындылары есептілік кезең ішінде Жалпы жиналыстың өткізілуі туралы хабарлау сәтінен бастап, бірақ жиналыстың ашылуына дейін он күннен кешіктірілмей еркін танысу үшін Бас директор бөлмесінде Серіктестіктің барлық Қатысушыларына ұсынылуы керек. Бұл жағдайда Серіктестік Қатысушыларына танысу үшін ұсынылатын құжаттардан көшірмесін алуға ақысыз мүмкіндік берілуі керек.

Соңғы үш жыл ішіндегі қаржылық есептілік пен ол бойынша Тексеру комиссиясының және (немесе) аудитордың қорытындылары Бас диекторымен сақталуы керек және кез келген уақытта танысу үшін Серіктестіктің кез келген Қатысушыларына ұсынылуы тиіс. Серіктестіктің Қатысушыларының талабы бойынша оларға аталған құжаттардан куәлендірілген жазбалар берілуі керек.

9.14. Серіктестіктің Қатысушыларының жалпы жиналысының регламенті Заңға, осы Жарғыға, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ережелер мен басқа да құжаттарға сәйкес немесе тікелей жалпы жиналыспен анықталады.

9.15. Серіктестіктің барлық қатысушылары жалпы жиналысқа қатысуға, күн тәртібінің сұрақтарын талқылауға қатысуға және шешімдерді қабылдау барысында дауыс беруге құқығы бар.

9.16. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушысы жалпы жиналысқа жеке өзі немесе өкілі арқылы қатыса алады.

Жалпы жиналыста Серіктестік Қатысушыларының өкілдері ретінде Бас директор мен Тексеру комиссиясының мүшелері (ол құрылған жағдайда) бола алмайды, сеніп тапсырушы өзі Серіктестіктің Бас директор мен Тексеру комиссиясының мүшелері болатын жағдайларды қоспағанда.

Серіктестіктің Қатысушысы – жеке тұлға өкілі ретінде сенімхат негізінде бсқа тұлғалар болуы мүмкін. Жалпы жиналыста өкілдің қатысуына жеке тұлға сенімхаты егер де Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен басқадай көрсетілмесе, нотариалды куәлендірілуі керек.

Серіктестіктің Қатысушысы –заңды тұлға өкілі ретінде оның басшысы сенімхатсыз немесе өзгедей өкіл сенімхат негізінде қатысуға құқығы бар. Жалпы жиналыста өкілдің қатысуына заңды тұлға сенімхаты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен қарастырылған нысанда берілуі керек.

9.17. Қатысушының үлесімен сенімді басқару қалыптасқан жағдайда жалпы жиналыста оның өкілі ретінде қатысушы атынан сенімді басқарушы қатысуға құқығы бар, егер де қатысушы мен сенімді басқарушы арасындағы шартпен немесе мүлікпен сенімді басқаруды қалыптастыру туралы заңнамамен өзгедей қарастырылмаса.

9.18. Серіктестіктің әрбір қатысушысы Жалпы жиналыста дауыс беру барысында Заңмен немесе осы Жарғымен дауыстарды анықтаудың өзгедей тәртібі қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Серіктестіктің Жарғылық қорындағы оның үлесіне сәйкес дауыстар санына ие.

Серіктестіктің Қатысушылары болып табылмайтын Серіктестік Бас директоры Жалпы жиналыста кеңесушілік дауыс құқығымен қатыса алады.

9.19. Жалпы жиналыстың ашылуы алдында жиналысқа келген Серіктестік Қатысушылары мен олардың өкілдерін тіркеу жүргізіледі. Қатысушылар өкілдері сәйкес уәкілеттіліктерін ұсынуы керек (осы Жарғының 9.16. тармағы). Тіркелмеген Қатысушы (қатысушы өкілі) кворумды анықтау барысында есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

9.20. Серіктестік Қатысушыларының жалпы жиналысы жиналысқа келген Серіктестік Қатысушылары мен олардың өкілдерін тіркеу деректері тиісінше кворумның болуы туралы жеткілікті негіздер болуын беретін шарттарда жарияланған уақытта ашылады.

Серіктестіктің барлық Қатысушылары немесе олардың өкілдері тіркелген, хабарланған және жиналыс ашылуы уақытының өзгеруіне қарсылық білдірмейтін жағдайларды қоспағанда Жиналыс жарияланған уақыттан бұрын ашыла алмайды.

9.21. Серіктестік Қатысушыларының жалпы жиналысы құзіретті, ал кворум шарттары сақталған болып саналады, егер де оған қатысушы немесе ұсынылған қатысушылар жиынтығында жалпы дауыс санынан жартысынан артық дауысқа ие болатын болса. Күн тәртібіне енгізілген мәселе бойынша шешім қабылдау дауыстардың басым көпшілігімен немесе бірауыздан қабылдануы қажет болған жағдайларда, егер оған қатысушы немесе ұсынылған Серіктестіктің қатысушылары жиынтығында жалпы дауыс санынан екіден үштен артық дауысқа ие болатын болса, жиналыс шешім қабылдауға құқығы бар.

9.22. Кворум болмаған жағдайда Серіктестік Қатысушыларының жалпы жиналысы қайтадан бірінші шақыру күнінен қырық бес күннен кешіктірілмей шақырылуы керек. Жалпы жиналысты қайтадан шақыру барысында осы Жарғының 9.10.-9.13. тармақтарымен бекітілген ережелер сақталуы керек.

Қайталап шақырылған жиналыс жиналысқа қатысушы немесе ұсынылған Серіктестіктің қатысушылары ие дауысқа тәуелсіз құзіретті болып саналады. Егер оған қатысушы немесе ұсынылған қатысушылар жиынтығында жалпы дауыс санынан жартысынан кем емес дауысқа ие болатын болса, онда мұндай жиналыс тек дауыстардың басым көпшілігін немесе бірауыздылықты талап етпейтін мәселелер бойынша ғана шешімдер қабылдауға құқығы бар.

Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысын Серіктестіктің Бас директоры немесе оның міндеттерін атқарушы тұлға ашады. Бақылау кеңесімен, тексеру комиссиясымен және Серіктестіктің қатысушыларымен шақыртылған жиналысты сәйкесінше Бақылау кеңесінің Төрағасы, Тексеру комиссиясының Төрағасы немесе оның міндеттерін орындаушы тұлғалар немесе жиналысты шақырған серіктестік қатысушысы ашады.

Тарату комиссиясымен (таратушымен) шақыртылған жиналыс тарату комиссиясының төрағасы (таратушы) немесе оның орынбасары ашады.

9.23. Жалпы жиналысты ашушы тұлға Жалпы жиналыс төрағасын және хатшысын сайлауын жүргізеді. Жалпы жиналыс төрағасын және хатшысын сайлау бойынша дауыс беру барысында жиналыстың әрбір қатысушылары бір дауысқа ие болады (жарғылық капиталындағы үлеске қатыссыз), ал шешім қатысушылар санының жәй дауыс көпшілігімен қабылданады.

Бас директор және оның Тексеру комиссиясы, жиналысқа қатысатын Серіктестіктің барлық қатысушылары Атқару органына кіретін немесе Серіктестіктің Тексеру комиссиясы болатын жағдайлардан өзге, Жалпы жиналыста төрағалық ете алмайды.

9.24. Жалпы жиналыс хатшысы жалпы жиналыс хаттамасының жүргізілуіне жауап береді.

Хаттамаға жалпы жиналыс төрағасымен және хатшысымен қол қойылады.

Барлық жалпы жиналыс хаттамалары Бас директорында сақталатын хаттамалар кітабына тігіледі және кез келген уақытта Серіктестіктің кез келген қатысушысына танысу үшін ұсынылуы тиіс. Серіктестік қатысушыларының талаптары бойынша хаттамалар кітабынан куәландырылған үзінділер беріледі.

9.25. Күн тәртібіне енгізілген мәселелерді талқылау алдында Жалпы жиналыс кворумды анықтауы тиіс. Бұл талап орындалмаған жағдайда жалпы жиналыспен қабылданатын шешімдер жарамсыз болып есептеледі.

9.26. Мамандандырылған көпшілікпен қабылданатын шешімдер, мәселелер бойынша дауыс беруде, сонымен қатар Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін оның құжаттарында және ережелерінде қаралған жағдайларда дауыс бермес бұрын кворумды анықтау қажет.

9.27. Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы Заң талаптарына және осы Жарғыға сәйкес қатысушыларға хабарланған күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

9.28. Серіктестік Қатысушыларының жалпы жиналысының шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Серіктестік Қатысушыларының жалпы жиналысының шешімдері дауыстардың жалпы санының бестен бір бөлігіне ие серіктестік қатысушыларының талабы бойынша құпиялы дауыс берумен қабылдана алады.

Құпиялы дауыс беруде оны жүргізу процедурасы дауыстардың нақты есебін және дауыс беру қорытындыларының шынайылығын қамтамасыз етуі тиіс.

9.29. Заңның 43 бабының 2 тармағының 1), 7) – 10) тармақшаларында көрсетілгеннен басқа сұрақтарды, Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысын сырттай өткізу арқылы шешуге болады.

9.30. Заңмен және осы Жарғымен белгіленген талаптарды бұзумен қабылданған Серіктестік Қатысушыларының жалпы жиналысының шешімі заңнамаға немесе осы Жарғыға қайшы келетін Жалпы жиналыс шешімімен, соның ішінде Серіктестік қатысушысының құқықтарын бұзатын шешіммен бірдей болып саналса, сотпен немесе дауыс беруге қатыспаған немесе дауаласатын шешімге қарсы дауыс берген Серіктестік қатысушысының арызы бойынша толығымен немесе ішінара жарамсыз деп танылуы мүмкін. Мұндай арыз Серіктестік қатысушысы қабылданған шешім туралы білген мерзімнен бастап алты айдан кешіктірілмей, егер ол шешім қабылданған Жалпы жиналысқа қатысса, онда осы шешім Жалпы жиналыспен қабылданған мерзімнен бастап алты айдан кешіктірілмей берілуі тиіс.

10. БАҚЫЛАУ КЕҢЕСІ

10.1. Серіктестіктің бақылау кеңесі – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен Серіктестік қатысушыларының Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуден өзге, Бас директорының қызметін бақылайтын Серіктестіктің басқару органы болып табылады.

10.2. Бақылау кеңесінің ерекше құзыретіне келесі қызметтер кіреді:

1) Қатысушылардың кезекті немесе кезексіз Жалпы жиналысының шақыртылуын талап ету;
2) Тексеру комиссиясының құрылуын талап ету;
3) Қатысушылардың жалпы жиналысының шешіміне дейін Бас директорының қандай да бір шешімінің қабылдануын тоқтату;
4) Мұнай өнімдерін алу немесе беруге байланысты мәмілелерді қоспағанда, нәтижесінде Серіктестік құны 240 000 000 (екі жүз қырық миллион) теңгеден 1 200 000 000 (бір миллиард екі жүз миллион) теңгеге дейін соманы құрайтын мүлікті алатын немесе беретін мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасау туралы шешім қабылдау;
5) Мұнай өнімдерін алу немесе беруге байланысты мәмілелерден туындайтын міндеттемелерді қоспағанда, Серіктестіктің міндеттемелерін 240 000 000 (екі жүз қырық миллион) теңгеден 1 200 000 000 (бір миллиард екі жүз миллион) теңгеге дейін сома көлемінде ұлғайту туралы шешім қабылдау;
6) Нәтижесінде Серіктестік құны 3 000 000 000 (үш миллиард) теңгеден 12 000 000 000 (он екі миллиард) теңгеге дейін соманы құрайтын мұнай өнімдерін алатын немесе беретін мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасау туралы шешім қабылдау;
7) Серіктестіктің мұнай өнімдерін алу немесе беруге байланысты мәмілелерден туындайтын міндеттемелерін 3 000 000 000 (үш миллиард) теңгеден 12 000 000 000 (он екі миллиард) теңгеге дейін сома көлемінде ұлғайту туралы шешім қабылдау.

10.3. Бақылау кеңесінің мүшесі ретінде тек жеке тұлға әрекет ете алады. Ол біруақытта Бас директоры бола алмайды.

10.4. Серіктестіктің Бақылау кеңесінің мүшелері келесі тәртіпте сайланады:

- Серіктестіктің Бақылау кеңесінің үш мүшесі «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ ұсынылған кандидатуралар арасынан;
- Серіктестіктің Бақылау кеңесінің екі мүшесі «ПЕТРОЧАЙНА Интернешнл Казахстан» ЖШС ұсынылған кандидатуралар арасынан;

- Серіктестіктің Бақылау кеңесінің екі мүшесі «Brent Invest» (Брент Инвест) ЖШС ұсынылған кандидатуралар арасынан.

10.5. Серіктестіктің Бақылау кеңесінің мүшелерін сайлау Заңмен және осы Жарғымен қаралған тәртіпте жүзеге асырылады.

10.6. Бақылау кеңесіне сайланған тұлғалар шектеусіз бірнеше рет сайлана алады.

Бақылау кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі қатысушылардың Жалпы жиналысымен, бірақ сайланған мерзімнен бастап 5 жылдан кем емес мерзімге сайланады.

Серіктестіктің Бақылау кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі жаңа Бақылау кеңесі сайланатын қатысушылардың жалпы жиналысында аяқталады.

10.7. Қатысушылардың Жалпы жиналысы бақылау кеңесінің барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

10.8. Бақылау кеңесі мүшесінің оның бастамасы бойынша өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Бақылау кеңесіне жазбаша хабарлау арқылы жүзеге асырылады.

Бақылау кеңесінің мұндай өкілеттіктері Бақылау кеңесімен аталмыш хабарламаны алғаннан кейін тоқтатылады.

10.9. Бақылау кеңесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату жағдайында жаңа Бақылау кеңесін сайлау қатысушылардың жалпы жиналысында ұсынылған Қатысушылардың жалпы санының көпшілігімен жүзеге асырылады. Осыған орай осы Бақылау кеңесі мүшелерінің өкілеттіктері Бақылау кеңесінің толығымен өкілеттіктерінің мерзімі аяқталумен қатар біруақытта тоқтатылады.

10.10. Серіктестіктің Бақылау кеңесінің Төрағасы Бақылау кеңесімен сайланады. Серіктестіктің Бақылау кеңесінің Төрағасы «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ ұсынылған кандидатура арасынан қатысушылардың жалпы жиналысымен сайланған Бақылау кеңесінің мүшесі бола алады.

10.11. Серіктестіктің Бақылау кеңесі осы Жарғының 10.10 тармағының шарттарына сәйкес Бақылау кеңесінің Төрағасын кез келген уақытта қайта салай алады.

10.12. Бақылау кеңесінің Төрағасы бақылау кеңесінің жұмыстарын ұйымдастырады, оның отырыстарына жүргізеді, сонымен қатар осы жарғымен ұсынылған басқа да функцияларды жүзеге асырады.

Бақылау кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Бақылау кеңесінің шешімі бойынша Бақылау кеңесінің кез келген бір мүшесі жүзеге асыра алады.

10.13. Бақылау кеңесінің отырысы оның төрағасының бастамасы немесе Бас директорының талабы бойынша шақыртылады:

- Бақылау кеңесінің кез келген мүшесімен;
- Серіктестіктің тексеру комиссиясымен (егер құрылса);
- Серіктестіктің аудитін жүргізетін аудиторлық ұйыммен;
- Серіктестік қатысушысымен.

10.14. Бақылау кеңесінің отырысын шақырту туралы талабы Бақылау кеңесінің төрағасына Бақылау кеңесі отырысының күн тәртібі көрсетілген жазбаша хабарламаны жіберу арқылы ұсынылады.

Бақылау кеңесінің Төрағасы отырысты шақыртудан бас тартқан жағдайда бастамашы Бақылау кеңесінің отырысын шақыруға міндетті Серіктестік Аткару органына аталмыш талаппен жүгінуге құқылы.

Бақылау кеңесінің отырысы Бақылау кеңесінің төрағасымен немесе Аткару органымен шақырту туралы талап түскен күннен бастап бес күннен кешіктірілмей шақыртылуы тиіс.

10.15. Отырыс күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар тіркелген Бақылау кеңесінің отырысын жүргізу туралы жазбаша хабарлама отырысты жүргізу мерзіміне үш күн бұрын Бақылау кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

Бақылау кеңесінің отырысын жүргізу туралы хабарлама отырысты жүргізу орны, уақыты, күні, сонымен қатар оның күн тәртібі көрсетілген мәліметтерді қамтуы тиіс.

10.16. Бақылау кеңесінің мүшесі Бақылау кеңесінің отырысына оның қатыса алмайтын себебін алдын ала хабарлауға міндетті.

10.17. Серіктестіктің Бақылау кеңесі отырыста Бақылау кеңесінің сайланған мүшелерінің кем дегенде жартысы қатысқан жағдайда шешім қабылдауға құқылы. Бақылау кеңесінің отырысындағы шешімдер Серіктестіктің Бақылау кеңесінің қатысушы мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

10.18. Егер Бақылау кеңесі мүшелерінің жалпы саны жарғымен белгіленген кворумға жетпесе, Бақылау кеңесі жаңа Бақылау кеңесінің мүшелерін сайлау үшін Бас директордан қатысушылардың кезекті жалпы жиналысының шақыртылуын талап етуге құқылы. Бақылау кеңесінің қалған мүшелері Бақылау кеңесін толығымен қалыптастырғанға дейін қандай да бір шешімдерді қабылдауға құқылы емес.

10.19. Дауыс беруде Бақылау кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Бақылау кеңесінің шешімдері отырысқа қатысқан Бақылау кеңесі мүшелерінің жәй көпшілік дауыстарымен қабылданады, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе.

Дауыстар тең түскен жағдайда Бақылау кеңесі төрағасының немесе Бақылау кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

10.20. Бақылау кеңесі Бақылау кеңесінің мүшелері ғана қатысатын жабық отырыс өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

10.21. Бақылау кеңесінің шешімдері Бақылау кеңесімен қаралатын мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылданады. Бақылау кеңесінің шешімдерін сырттай қабылдау тәртібі Бақылау кеңесімен белгіленеді.

Бақылау кеңесі отырысының сырттай шешімі жазбаша түрде қабылданады және осы шешімді қабылдауға жеткілікті көлемде қабылданды деп танылады.

10.22. Іштей өткізілген отырыстағы Бақылау кеңесінің шешімдері отырысты өткізгеннен кейін үш күннен кешіктірмей дайындалатын және отырыста төрағалық етуші тұлғамен және Бақылау кеңесінің отырысына қатысушы тұлғалар арасынан сайланатын Бақылау кеңесінің хатшысымен қол қойылатын хаттамамен рәсімделеді.

Бақылау кеңесінің хаттамасы мына ақпараттарды қамтуы тиіс:

- Серіктестік Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- отырысты өткізу орны, уақыты және күні;
- отырысқа қатысушы тұлғалар туралы мәліметтер;
- отырыстың күн тәртібі;
- дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- қабылданған шешімдер;
- Бақылау кеңесінің шешімі бойынша басқа да мәліметтер.

10.23. Бақылау кеңесі отырысының хаттамасы және сырттай дауыс берген Бақылау кеңесінің шешімдері Серіктестіктің мұрағатында сақталады.

11. СЕРІКТЕСТІКТІҢ БАС ДИРЕКТОРЫ

11.1. Бас директор – Серіктестіктің ағымдық қызметін басқаратын Серіктестіктің бір тұлғалы атқарушы органы. Бас директор қатысушылардың жалпы жиналысының және Бақылау кеңесінің шешімдерін орындайды.

11.2. Бас директор ретінде Серіктестік қатысушысы және қатысушысы емес жеке тұлға бола алады.

Бас директор өзінің қызметтік міндеттірін орындау барысында Серіктестік мүддесі үшін адал және саналы орындауы тиіс.

Бас директор Бақылау кеңесінің келісімі бойынша басқа ұйымдарда да қызмет атқара алады.

Бас директор қатысушылардың жалпы жиналысымен бес жыл мерзімге сайланады.

Бас директор шектеусіз бірнеше рет қайта сайлана алады.

11.3. Бас директордың функциялары, құқықтары және міндеттері заңмен, Қазақстан Республикасының басқа заңнама актілерімен, осы Жарғымен, сонымен қатар аталмыш тұлға және Серіктестік арасында жасалатын еңбек шартымен белгіленеді.

Серіктестік атынан Бас директормен жасалатын жеке еңбек шартына Бақылау кеңесінің Төрағасымен немесе қатысушылардың жалпы жиналысында осыған уәкілетті тұлғамен қол қойылады. Басқарманың қалған мүшелерінің жеке еңбек шарттарына Серіктестік Басқармасының Төрағасымен қол қойылады.

Бас директор Серіктестік атынан әрекет етеді, соның ішінде оның мүдделерін ұсынады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен бекітілген тәртіпте мәмілелер жасайды, штатты бекітеді, шешімдер (бұйрықтар) шығарады және Серіктестіктің барлық жұмысшыларымен орындалуы үшін міндетті тапсырмалар береді.

11.4. Бас директор Серіктестіктің қатысушылардың жалпы жиналысымен «ПЕТРОЧАЙНА Интернешнл Казахстан» ЖШС ұсынылған кандидатуралар арасынан сайланады. Бас директор бұйрық ретінде екі орынбасарды тағайындай алады.

11.5. Бас директорды сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату қатысушылардың жалпы жиналысымен жүргізіледі.

11.6. Бас директорының орынбасарлары келесі тәртіпте сайланады:

- Серіктестіктің Бас директорының екі орынбасарын «ПЕТРОЧАЙНА Интернешнл Казахстан» ЖШС ұсынған кандидатуралар арасынан Бас директор сайлайды;
- Серіктестіктің Бас директорының бір орынбасарын «Brent Invest» (Брент Инвест) ЖШС ұсынған кандидатуралар арасынан Бас директор сайлайды;
- Серіктестіктің Бас директорының бір орынбасарын «СНПС-АҚТӨБЕМҰНАЙГАЗ» АҚ ұсынған кандидатуралар арасынан Бас директор сайлайды;
- Серіктестіктің Бас директорының бір немесе екі орынбасарын Бас директор ұсынған және Бақылау кеңесі қолдаған қандидатуралар арасынан Бас директор сайлайды.

11.7. Бас директорының құзыретіне Жарғымен немесе қатысушылардың жалпы жиналысымен, Серіктестіктің Бақылау кеңесімен қабылданған, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ішкі нормативтік актілермен және Бас дииректор және Серіктестік арасында жасалатын еңбек келісім-шарттарымен қаралған ережелермен және басқа құжаттармен қатысушылардың жалпы

жиналысының және Бақылау кеңесінің ерекше құзыретіне қатысты емес Серіктестіктік қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады, соның ішінде:

1) Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының және Бақылау кеңесінің шешімдерін орындау;
2) Серіктестікті дамыту жобаларын және Серіктестіктің басқа мәселелерін орындау;
3) Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысының және Бақылау кеңесінің шешімдерінің жобаларын дайындау;
4) Қатысушылардың жалпы жиналысына жылдық есепті ұсыну және дайын материалдармен қатысушылардың танысу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету ;
5) Серіктестіктің ішкі құжаттарымен бекітілген тәртіпте Серіктестік филиалы туралы ережені әзірлеу және бекіту, Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты құжаттарды әзірлеу;
